

*Оқулықтардың сапасы және жалпы орта,
техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын
оқулықпен қамтамасыз ету мәселесі бойынша
**ҚР Парламенті Мәжілісінің Үкіметтік
сағатында** ҚР Білім және ғылым министрі
А. Сәрінжіповтің сөйлейтін сөзі
2015 жылғы 18 мамыр*

Құрметті Қабибулла Қабенұлы!
Құрметті депутаттар!

1-слайд. Оқулықтардың сапасы және мектеп пен колледждің білім алушыларын оқулықтармен қамтамасыз ету мәселесіне көңіл бөліп, көрсеткен қолдауларыңыз үшін алғыс білдіруге рұқсат етіңіздер.

Қазақстанда балалар халқының саны 4,6 млн.-ға жуық адамды құрайды, оның ішінде ерте және мектепке дейінгі жастағы балалар саны – 2,0 млн. адам. 7 563 мектепте 2,6 млн. оқушы оқиды.

2-слайд. Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер сәйкес Тізбеге енгізілген. Бүгінгі күні бұл Тізбеге 1-11-сыныптарға арналған оқулықтардың 693 аталымы кірді. Олардың 330 аталымы қазақ тілінде оқытатын мектептерге, 363 аталымы орыс тілінде оқытатын мектептерге арналған.

3-слайд. Тізбеге бір пән бойынша бес баламалы оқулыққа дейін енеді.

Сонымен қатар пәндерден баламасыз оқулықтар да бар: өзін-өзі тану (барлық сыныптар), француз және неміс тілдері (5, 6, 11-сыныптар), Қазақстан тарихы (6,11-сыныптар) және т.б.

4-слайд. Қазіргі уақытта 2012 жылы қабылданған стандарт қолданылып келеді. Оның негізінде 2013 жылы сәйкес оқу бағдарламалары әзірленді.

2015 жылы 4,5,6 және 11-сыныптарға арналған оқулықтар сатып алынуда. Ағымдағы жылы 1,7 және 8-сыныптарға арналған оқулықтар сараптамадан өтуде, олар оқу процесіне 2016 жылғы қыркүйекте енгізіледі.

Осылайша бір жыл ішінде оқулықтар толықтай бағдарламамен теңестіріледі және оқу бағдарламалары мен оқулықтар материалдарының сәйкессіздігі мәселесі күн тәртібінен алынады.

Құрметті депутаттар!

Министрлік 2014 жылғы 13 қазанда өткен Үкімет сағатында берілген депутаттардың ұсынымдамаларын орындау бойынша жұмыстар жүргізді.

5-слайд. 2015 жылдың 15 мамырына барлық өңірлер, Шығыс Қазақстан мен Оңтүстік Қазақстан облыстарының кейбір аудандарынан басқасы Тетікке сәйкес оқулықтарды сатып алуға баспалармен шарт жасасты.

6-слайд. Сонымен қатар мектептерді оқу әдебиеттерімен жеткіліксіз қамтамасыз етудің себебі оқулықтарды сатып алуды толық емес қаржыландыру болып табылады. Бүгінде жетпейтін қаражат сомасы 2 374,5 млн. теңгені құрайды.

Мамырда оқулықтармен және ОӘК-пен қамтамасыз ету мәселелері бойынша селекторлық мәжіліс өтті. Жергілікті

атқарушы органдардың ақпаратына сәйкес маслихаттар маусым айында қажетті қаражатты бөледі.

7-слайд. Оқулықтардың сапасына әсер ететін фактор – әзірлеушілер мен сарапшылардың біліктілігі.

Авторлар мен сарапшылардың сапалық құрамын талдау сәйкес біліктілігі мен тәжірибесі бар мамандардың жетіспеуін көрсетеді. Авторлық корпусының қартаюы да байқалады. Оқу әдебиеттерін әзірлеу саласында сәйкес даярлығы жоқ мамандардан авторлар құрамын қалыптастыру жағдайлары да бар.

Осыған орай Министрлік тұрақты негізде әзірлеушілер мен сарапшылардың біліктілігін арттыру жұмыстарын жүргізуде. Осылайша 2014 жылы оқу материалдарын әзірлеу жөніндегі халықаралық қауымдастықтың жаттықтырушылары ([MATSDA - Materials Development Association](#)) мен Ресей ғалымдарын жұмылдыра отырып, авторлар мен сарапшыларды оқыту өткізілді.

Оқу әдебиеттерінің сарапшыларын кезең-кезеңмен сертификаттауды енгізу жоспарлануда.

8-слайд. Оқулықтар сараптамасының сапасын арттыру оқу әдебиеттерінің сапасын жетілдіруге әрекеттеседі.

Осыған орай депутаттардың ұсынымдамаларын ескере отырып, Министрлік оқулықтарды сараптау мен сынақтан өткізу процедурасын жетілдірді.

Оқулықтарды сараптаудың үш деңгейлі процедурасы енгізілді: ғылыми, педагогикалық және қоғамдық. Оның

жаңалығы баспалар жұртшылықтың басылым сапасын бағалауға мүмкіндік беретін оқулықтың электрондық нұсқасын ашық түрде орналастырады.

Сараптау мен сынақтан өткізудің процедурасы мен мерзімдері регламенттелді. БҒМ білім және ғылым саласындағы Комитеттің аумақтық органдарымен өткізілетін бақылау іс-шараларының барысында оқулықтардағы кемшіліктер жөніндегі ақпаратты жинақтау каналы реттелді.

20 пәндік комиссия құруды көздейтін Республикалық комиссия форматы қайта қарастырылды. Сапасыз басылымдарды жедел алып тастау мақсатында Мәжіліс Парламентінің депутаттарын қамтитын Республикалық комиссия оқу басылымдарын Тізбеден алып тастау құқығына ие болды.

(Анықтамалық: Оқулықтарды әзірлеу, сараптау, сынақтан өткізу және басып шығару қағидаларында бекітілді).

9-слайд. Оқулықтарға қойылатын жаңа талаптар бекітіліді (тұжырымдамалық негіздері, құрылымы, мазмұны). Оқу басылымдарын бағалаудың нақты критерийлері әзірленді.

10-слайд. Мектептерді оқулықтармен қамтамасыз ету процесіндегі ең осал тұс оқулықтарды мектепке жеткізіп беру. Осыған байланысты Министрлік өнім берушіге арнайы транспорты, қоймалары, дайындалған персоналы болуы, сонымен қатар оқу әдебиеттерін жеткізіп беру мерзімдері бойынша талаптарды күшейтті.

11-слайд. Оқулықтарға қосымша қажеттілікті нақты болжау мектеп кітапханаларының қорын тиімді жинақтауға мүмкіндік береді.

Осы міндетті шешу үшін Министрлік кітапхана қорын толықтыру, жаңарту, сонымен бірге кітапхана қорынан тозған оқулықтарды алу тетігін қамтитын Нұсқаулық әзірледі. Кітап қорының түгендеуін және сақталымдылығын қамтамасыз ететін шаралар регламенттелді.

Бұл жағдайда оқулықтарды сатып алуға, сонымен қатар кітапхана қорларын қайта жабдықтауға бюджеттік қаражатты жоспарлау халықтың көші-қонын және өсуін есепке ала отырып жүргізіледі.

(Анықтамалық: Оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз еті Темігінде қамтамасыз қажетті оқулықтарды қосымша сатып алу 4 жылдық циклдің 2 жыл мерзімінің өтуі бойынша болжанған білім алушылар контингентінің жиырма пайызынан артық емес көлемде жүргізілу қарастырылған.)

Сонымен қатар, «E-learning» электрондық оқытудың ақпараттық жүйесінің базасы негізінде еліміздегі мектептердің кітапхана қорларын есепке алуды автоматтандырудың техникалық мүмкіндіктері қарастырылуда.

Жергілікті атқару органдарымен кітапхана қорларын жаңартуға және толықтыруға қаражатты уақытылы жоспарлау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

12-слайд. Мектептерді оқулықтармен қамтамасыз ету процесін бақылау қатерлерді уақытылы анықтап, алдын алу шараларын қабылдауға мүмкіндік береді.

Білім беру ұйымдарын оқулықтармен қамтамасыз ету тетігі әзірленді.

Тетікте білім алушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету процесі регламенттелген, орындаушылар мен мерзімдері анықталған.

(Анықтамалық. ҚР «Білім туралы» Заңының 6-бабына сәйкес білім алушыларды оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету жергілікті атқару органдарының тікелей міндеті болып табылады. Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету тетігі 2014 жылғы 31 қазандағы № 450 бұйрықпен бекітілді).

Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтар Тізбесі алғаш рет 2014 жылдың желтоқсанында бекітілді.

Мектептерді оқулықтармен уақыттылы және толық қамтамасыз етпегені үшін лауазымды тұлғаларды тәртіптік жауапқа тарту туралы мәселе қойылады.

Өнім берушілердің кінәсінен мерзімдер сақталмаған жағдайда азаматтық-құқықтық жауапкершілік қарастырылған.

Білім алушыларды оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етудегі олқылықтардың алдын алу мақсатында білім саласын бақылау департаменттері жергілікті жерлерде әкімдіктердің баспалармен шарт (қаңтар-наурыз), транспорттық компаниялармен шарт (сәуір-мамыр) жасауына және білім беру ұйымдарына оқулықтардың нақты жеткізілуіне мониторинг жүргізеді.

Бұл жүйелік шаралар қазір өз жемісін беріп келеді. Бүгінде жергілікті атқарушы органдар баспалармен толығымен шарт жасасты және жеткізілім шарттарын жасасу процесі аяқталуда.

13-слайд. Жаңа мазмұнға кезең-кезеңмен көшу бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Білім беру мазмұнын жаңарту Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін тарату негізінде өткізіледі.

Бастауыш білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бекітілді. Бастауыш мектептің оқу бағдарламаларының жобасы жаңа форматта және 2015 жылғы қыркүйектен бастап республиканың барлық өңірлерінде 30 пилоттық мектепте, оның ішінде ұлттық және шағын жабдықталған мектептерде сынақтан өткізіледі. Жаңартылған мазмұнға кезең-кезеңмен көшудің графигі және оқулықтарды қорландыру циклі бекітілді.

2015 жылғы желтоқсанда орта білімнің мемлекеттік стандарттарын бекіту жоспарлануда.

Оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі әзірленді.

«Мәңгілік ел» идеясын жүзеге асыру мақсатында барлық жалпы білім беретін пәндер мазмұнының тәрбиелік компоненті кеңейтілді, оқушылардың, ата-аналардың және мұғалімдердің бағыты ретінде құндылықтар тізбесі белгіленді. Тәрбиелеудің Тұжырымдамалық негіздері бекітілді.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің үштұғырлығын дамыту мақсатында көптілді білім берудің үлгісі жасалды. Сонымен қатар үлгі білім берудің барлық деңгейлерін қамтиды.

Қазақстанда тұңғыш рет орыс тілінде оқытатын мектептің 1-11-сыныптарына арналған қазақ тілінің деңгейлік оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендері әзірленді.

Әрбір сыныпқа арналған жинақта Оқулық; Мұғалімге арналған әдістемелік құрал; Жұмыс дәптерлері; Дидактикалық материалдар жинағы; Лексикалық минимум (сөздік) бар.

Сонымен бірге 1 және 2-сыныптар үшін әрбір тоқсанға жеке 4 аталым жұмыс дәптерлері, 3,4-сыныптар үшін - әр сыныпта 2 аталым жұмыс дәптерлері әзірленген. Қазіргі кезде аталған деңгейлік оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің макеттері «Оқулық» республикалық ғылыми-практикалық орталығында сараптамадан өткізілуде.

Бұл бағдарламалардың тұжырымдамалық негізіне Еуропалық Кеңестің «Шетел тілін меңгертудің жалпыеуропалық құзыреттері: оқып үйрену, оқыту, бағалау» атты құжатында белгіленген тілді игерудің деңгейлік жүйесі алынды.

Бұл деңгейлік жүйе оқушылардың мемлекеттік тілді меңгеру деңгейлерін қадағалауға мүмкіндік береді.

14-слайд. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары жүйесіндегі жағдай бойынша.

ТЖКБ жүйесінде 820 колледж қызмет етіп келеді, оның ішінде 467 мемлекеттік және 353 жекеменшік колледждер. Оқыту 15 бейін және 1412 мамандық бойынша жүргізіледі. Барлық білім алушылардың саны – 531 453 адам, оның ішінде 305 898 адам немесе 58% мемлекеттік тілде оқытылады.

ТЖКБ кәсіптік дайындықтың мазмұны жалпы кәсіптік, арнайы және жалпы білім беретін пәндер циклін оқытуды көздейді.

ТЖКБ ұйымдарының жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етілуі 95 %-ды құрайды.

Жаңа мектеп оқулықтарын кәсіптік даярлау пәндеріне бейімдеу және интеграциялау үшін жұмыс тобы құрылды.

Тәуелсіздік алған кезден бастап және 2007 жылға дейін ТЖКБ ұйымдарын оқу әдебиеттерімен қамтамасыз ету нарықтық және жүйесіз сипатта болды.

27.07.2007 жылғы «Білім туралы» Заңның және Қазақстан Республикасында 2008-2012 жылдарға арналған техникалық және кәсіптік білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының қабылдануына байланысты ТЖКБ жүйесін жаңғырту басталды, оның шеңберінде оқу әдебиеттерін жүйелі түрде әзірлеу жүргізіледі.

15-слайд. 2009, 2010, 2013 жылдары қазақстандық авторлар ТЖКБ 14 бейін бойынша оқу әдебиеттерінің 1560 аталымын әзірледі, оның ішінде мемлекетті тілде – 723 (46%).

(Анықтамалық: 2009 ж. – 705 (оның ішінде мемлекеттік тілде – 159); 2010 ж. – 465 (оның ішінде мемлекеттік тілде – 323); 2013 ж. - 390 (оның ішінде мемлекеттік тілде – 241).

«ТЖКБ жаңғырту» жобасы енгізілуде, оның аясында кәсіптік стандарттар әзірлеу, кәсіптік стандарттар негізінде бағдарламаларды өзгерту жолымен колледждерді жаңғырту, оқытушыларды қайта оқыту, материалдық-техникалық базаны

жаңарту және қазақстандық авторлардың жаңа оқу әдебиеттерін әзірлеу жүзеге асырылуда.

Құрметті депутаттар! Біздің осы жобаны жүзеге асыруға мәлімделген соманы қолдауларыңызды сұраймыз. Сонымен қоса ТжКБ бағдарламасынан секвестрлеу уақытында 2,5 млрд.теңге алынып тасталды.

16-слайд. 9 облыста (Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстары және Алматы қаласы) 14 мамандық бойынша 15 колледж таңдалып алынды, олардың базасында ресурстық оқу орталықтары құрылды – бұл ТжКБ-ның инновациялық білім беру моделі, модульдік оқу бағдарламаларын іске асыру және модульдік құрылымы бар оқу әдебиеттерін әзірлеу үшін оның базасында салалық материалдық-техникалық, ақпараттық және қаржылық ресурстарды біріктіру жүзеге асырылады.

Жоғары техникалық мектепте көптілділікті дамыту шеңберінде Атырау қаласында SAIT Polytechnic канадалық әріптестермен бірлесіп үш тілде кадрлар даярлау жөніндегі пилоттық жоба іске асырылуда. Оқыту процесінде мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі оқулықтар және сандық білім беру ресурстары қолданылады.

Барлығы ТжКБ 14 бейіні бойынша 1942,7 млн.теңге сомасына қосымша 1700 оқу әдебиетін әзірлеу қажет. Бұл сомаға әзірлеу, сараптау, сынақтан өткізу және оқу әдебиетін басып шығару шығындары кіреді.

(Анықтамалық: 1 баспа бетінің құны – 142,8 мың теңге. Оқулықтың орташа көлемінде 8 баспа табақ және 1700 оқу әдебиеті санымен қажет етілетін сома 1942,7 млн.теңгені құрайды).

17-слайд. Осылайша Министрлік оқулықтардың сапасы және мектеп пен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушыларын оқулықтармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша нақты жұмыстар жүргізді.

Қазіргі уақытта оқулықтармен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру шаралары көзделетін 2011-2020 жылдарға Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың 2-ші кезеңі жоспарлануда.

Сонымен бірге осы және өзге де шаралар тиісті қаржыландыруды қажет етеді.

Осы мәселеге қатысты қолдау көрсетуіңізді сұраймыз.

Құрметті депутаттар!

Оқулықтар мен ОӘК сапасы мен қамтамасыз етудің барлық мәселелері Министрліктің тұрақты және ерекше бақылауында.

Қорыта айтқанда, Министрлік жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, мектептік, техникалық және кәсіптік білім берудің барлық ұйымдарын ағымдағы жылдың 10 тамызына дейін оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етеді.

Назарларыңызға рақмет!